



**БҰЙРЫҚ**

2024 жылғы 28 маусымдағы

Қонаев қаласы

**ПРИКАЗ**

4/1-н

№

город Қонаев

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін  
2024 жылға арналған  
мемлекеттік гранттардың  
басым бағыттарының  
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының» 9 - тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН;**

1. Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ішкі саясат басқармасының ақпараттық саясат және азаматтық бастамаларды қолдау бөлімі осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені Алматы облысы ішкі саясат басқармасының интернет - ресурсында орналастыруды және бұйрықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Алматы облысы ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары М.Кабдылкаировқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

Е. Абитов